

«№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-ның Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша талдамалық анықтамасы

Атырау қаласы

01.06 2026 жыл

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сай және Атырау облысы әкімі аппаратының басшысы бекіткен “2026 жылға арналған “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу” №4 үлгілік базалық бағыттың жүзеге асырылуы бойынша кестеге сай жасалған іс шаралар жоспары негізінде және «№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-нда (бұдан әрі –№7 АҚЕ) құрылған жұмыс тобы, сыбайлас жемқорлыққа ықпал жасайтын себептер мен жағдайларды жою үшін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ұйымдастырды. Ішкі талдау жүргізу мерзімі 16 сәуір мен 15 мамыр 2026 жыл; Талдау қамтылған кезеңі 2025 жылдың 01 мамырынан 2026 жылдың 15 мамырына дейінгі аралық кіреді.

2.Кіріспе

№7 АҚЕ тұрғылықты аумақ бойынша емханаға тіркелген пациенттерге медициналық-санитариялық алғашқы көмекті және консультациялық-диагностикалық көмекті қоса алғандағы амбулаториялық-емханалық көмек көрсетеді. №7 АҚЕ директоры Танбаева Гульнафис Абдиллаевна.

№7 АҚЕ мемлекеттік басқару органы Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы (бұдан әрі – мемлекеттік басқару органы) болып табылады.

№7 АҚЕ құрылтайшысы Атырау облысының әкімдігі болып табылады.

№7 АҚЕ өз қызметін ҚР «Конституциясы», ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі, “Мемлекеттік мүлік туралы” Заңы, ҚР ДСМ-нің бұйрықтары мен кәсіпорын жарғысы негізінде атқарады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 2-тарау 8 тармағы негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттарда жүргізіледі:

1.Емхананың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде және ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2.Ұйымдастырушылық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

3.Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына талдау.

2.Нормативтік құқықтық актілер негізінде медициналық қызмет көрсетуде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Медициналық қызмет көрсетудегі Заңдар мен нормативтік – құқықтық актілер:

ҚР «Конституциясы» 15.03.2026 жылғы;

ҚР 07.07.2020 жылғы №360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі;

ҚР 23.11.2015 жылғы №414-V «Еңбек кодексі»;

ҚР 16.05.2014 жылғы №202-V «Рұқсаттар мен хабарламалар» Заңы;

ҚР 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңы;

ҚР 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы;

ҚР 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі;

ҚР 2016 жылғы 06 сәуірдегі №480-V «Құқықтық актілер туралы»;

ҚР ДСМ 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

ҚР ДСМ 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-319/2020 «Қазақстан Республикасының медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намысы кодексін бекіту туралы» бұйрығы;

ҚР ДСМ м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» бұйрығы;

ҚР 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы;

3. Медициналық қызмет көрсетудегі нормативтік-құқықтық актілер негізінде болатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдігі.

1. "№7 Атырау қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 70 кереуеттік күндізгі стационар жұмыс жасайды. Дәрігерлердің жолдамасы негізінде жатқызылған науқастар емдерін алған. Барлық іс-шаралар заң нормаларына сәйкес жүргізіліп, негіздемесіз атқарылмаған.

4. Басқарудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдігін анықтау.

Қызметкерлерді басқаруда, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу кадрлар ауысымы және еңбек қақтығысын шешу мақсатында емханада, жұмыскерлердің өкілдері арқылы жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасында жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт – Ұжымдық шарт жасакталған.

Емханада 01.04.2026 жылғы 284 қызметкер жұмыс жасайды, оның 43-і декреттік демалыста. Жалпы 2025 жылы 26 адам жұмысқа қабылданып, 25 адам өз бастамасымен жұмыстан шыққан. 2026 жылдың 1 тоқсаны бойынша 10 адам жұмысқа қабылданған және 10 адам жеке еңбек шартын бұзған. Емханада еңбек етіп жүрген 28 зейнеткерлікке жасына немесе еңбек еткен жылдарына қарай шыққан қызметкерлер бар. Олар: 1 кадр бөлімі басшысы, 1 ТҚ инженері, 12 дәрігер, 3 кіші буын қызметкері, 11 орта буын медицина қызметкерлері. Дәрігерлер жетіспеушілігі себепті 1 ставкадан артық жүктеме алған және қалған зейнеткерлерде (дәрігер емес) 1 ставкадан артық жұмыс жүктемесімен жүргендері анықталды. Бұған қоса қызметкерлерге қосымша жұмыс жүктеуде нақтылық (не үшін үстеме төленуде және қандай жұмыс өз функциясынан тыс жүктелгені көрсетілмей) жоқ. Мәселен кадр бөлімі басшысы 30 қаңтар 2026 жылы №71 бұйрықпен жұмыс көлемінің ұлғаюына байланысты деп 0,25 пайыз үстемеақы қосқан. Ол кезде кадр инспекторы штаты бос болған. Кейін кадр инспектор жұмысқа қабылданғанымен үстемеақыны тоқтатпаған. Осы талдау барысында қосымша демалыс күндері жұмысқа тарту бойынша өзінің функционалдық қызметтерін бола тұра бұйрықтар шығарылған. Бұл өз кезегінде еңбекақы қорының артық жұмсалыуына әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан алдағы уақытта демалыс күндері жұмысқа тарту бойынша бұйрықтарды зерделеу жүргізу арқылы шығарған жөн.

Емханада келісім комиссиясы жұмыс жасайды. Еңбек даулары аталған жылдары бойынша 1 дау орын алған, олар келісімге келмегендіктен сотқа жолданған. Сот шешімі негізінде емхана қызметінде заң бұзушылық орын алмағандығы анықталды. ҚР Еңбек кодексі негізінде жұмыс жасалып, заңдылықтар бұзылуына тексеру жүргізілді. Мүдделер қақтығысы, қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілері айқындалған жоқ.

5. ҚР «Мемлекеттік сатып алу» заңы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдігі.

2025-2026 жылдары мемлекеттік сатып алулар 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптары негізінде жүзеге асырылған және де өткізілген сатып алуларда Қазақстан Республикасының

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» заңының талаптарын бұзылуына ықпал ететін фактілері орын алмаған.

Өнім берушілермен электронды портал арқылы шарттарға отырылған. Шарт талабын орындамағаны үшін 2025 жылы 6 талап арыз сотқа жолданған және 6-ы да қанағаттандырылған, 2026 жылы 1 арыз жолданған, қазіргі кезде іс қаралуда, шешім шықпады.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет.

№7 Атырау қалалық емханасында, мемлекеттік көрсетілетін қызмет, «Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығымен бекітілген, мемлекеттік көрсетілетін қызметтері стандартына сәйкес "электрондық үкімет" веб-порталымен егін жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі бойынша, бекітілген стандартқа сәйкес даярланған анықтама беріледі. 2025 жылдың сәуір айынан 2026 жылдың мамыр айы аралығында мынадай қызметтер: дәрігердің қабылдауына жазылу 372801, алғашқы медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелу 4284, осы қызметті e-гов порталы арқылы алғандар 3332, дәрігерді үйге шақыру 3390, медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру 6215, медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасын беру 7172, алдын ала міндетті медициналық қарап - тексеруден өту 902, жедел медициналық көмек көрсету 1327, емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерге стационарға емделуге жатқызуға жолдама беру 3776, көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру 70, азаматтардың жекеленген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру 17891, санаторлық-курорттық емдеу қажеттілігі туралы қорытынды беру 401 көрсетілді.

Алғашқы медициналық санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу бойынша 161 қызмет мерзімінен кешіктіріліп көрсетілген. Бұл ретте жауапты маманға ескерту берілді. Қызметті көрсететін мамандар, бөлек кабинеттермен, оргтехникамен қажетті медициналық бұйыммен жабдықталған.

Талдау кезінде емханадағы учаскелік дәрігерлермен ашылатын еңбекке жарамсыздық парағы екі учаскокте мүлде көп ашылғаны анықталды. Мәселен айына басқа учаско дәрігерлері 20-25 парақша апса, емхана екі ЖТД-мен 91-160 аралығында парақша ашылған. Бұл халықтың әр учаскокке бөлінуін ескерген кезде мүлде көп көрсеткіш. Бұл ретте мониторинг нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ретінде бағаланып, жұмыс берушіге ашылған әр еңбекке жарамсыздық парағына қадағалау жүргізіп отыруға ұсыныс беріліп, қазіргі кезде ұсыныс бойынша мамандарға ескерту берілді. Сонымен қатар емханамен берілетін анықтамаларды зерттеу кезінде учаскелік медбикемен санитарлық кітапшаға мамандар мөрінің орнына бір ғана аумақтық дәрігер мөрі мен қолын қою арқылы қағаз жүзінде ғана рұқсат берудің алдын алып, бұл қызмет электронды түрде заң негізінде жасақталды. Осы учаско дәрігеріне қадағалау жүргізбегені үшін және медбикеге ескерту беріліп, бақылауға алынды. Тиісінше талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ретінде бағаланды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытта атқарылған жұмыстар:

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету шеңберінде берілетін тегін дәрі-дәрмектердің есебі қатаң бақылауда ұсталады, заңмен бекітілген уақытта түгендеу жүргізіліп отырылады.

№7 АҚЕ-на келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері уақытылы қаралып, шешіліп отырылады. Е-өтініш платформасы арқылы келген өтініштерге жауапты болып емхана директоры орынбасары Н.А.Умбеткалиева тағайындалған.

Арнайы стенд жасақталып, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Атырау облысы бойынша департаментінің

жолдаған қазақ және орыс тілінде жазылған жадынамалары, басқа да көрнекі насихат плакаттары, ғимараттың көрнекі жерлеріне ілінген.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында ұйым қызметкерлері арасында нормативтік актілер бойынша түсіндірме жұмыстары тоқсан сайын жүргізіліп, жиналыстар, кеңестер өткізілді.

№7 АҚЕ Байқау Кеңесі 2024 жылы байқау кеңесі облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен қайтадан құрылды. Кеңес отырыстары 2025 жылы 4 рет, 2026 жылы 1 рет өткізілген.

8. Мемлекеттік органдары тексеруі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдігі.

2025 жыл мен 2026 жылдың 4 айына мемлекеттік органдармен жүргізілген тексерулер бойынша сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жоқ.

9. Қорытынды.

Өткізілген ішкі талдау барысында №7 АҚЕ қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде ішкі талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою үшін қажетті негізгі стандарттарды қамтамасыз ететін қолайлы нысанда жұмыс істейді. Тәуекелдерді басқару нормативтік құжаттармен жүзеге асырылады. Талдау нәтижесімен анықталған тәуекелдер бойынша проблемалар мен кемшіліктер бойынша ұсыныстар енгізіліп, іс шаралар жоспары жасақталынады, бақылауға алынады.

Топ жетекшісі:

Жұмыс тобының мүшелері:



Н.А.Умбеткалиева

А.Т.Кумарғалиева

Р.А.Нурманова

А.М.Джумағазиева

А.Жұмабаева

